

Сайлау Балташұлы



ОЙ ТҮБІНЕН ШЫҚҚАН СӨЗ



Сайлау Балташұлы

ОЙ ТҮБІНЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Өлеңдер жинағы

Қараағаш ауылы
2018

Сайлау Балташұлы.
ОЙ ТҮБІНЕН ШЫҚҚАН СӨЗ. Өлеңдер жинағы.
– Қарағанды, 2018. – 24 б.

Жинаққа ауыл-аймаққа аты мәлім ұлағатты ұстаз, тарихшы, өлке танушы Сайлау Балташұлының өлең-толғаулары, ағартушылық, тәрбиелік тұрғыдағы жыр шумақтары топтастырылған. Ұлттық, халықтық, отбасылық тәлім-тәрбиені, адамгершілік абзал қасиеттерді ұлықтаған жүрекжарды туындылар жүрекке жылы өсер қалдырады, жеңіл оқылады.

Жинақ көпшілік қауымға арналған.

@ С.Балташұлы, 2018

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Әлемде қазақ даласындай тағылымды тарихқа толы өлке табу өте қиын. Киелі Қарағаш жерінің өзінде де тылсым тарихтан сыр шертетін талай-талай татымды әңгімелер бар. Туған жердің әр тасы, әр белесі ішіне сырын бүгін жатқан бір-бір кәмбе сынды. Бұл өңірде елдік маңызы зор көптеген оқиғалар болған. Елін, жерін сүйетін, Отанды қастерлейтін азаматтарды тәрбиелеуде осынау өткен тарихтың алар орны ерекше. Елбасы Н.Ә.Назарбаев та өзінің дәстүрлі жолдаулары, бағдарламалық мақалаларында тарихымыздың әрбір сәтін жастарға тереңірек таныту арқылы ұлттық құндылығымызды ұлықтап, рухани тұрғыда бай жастарды тәрбиелеуге ерекше ден қойып келеді. Міне, осы бейнеті көп, бірақ берері мол, инемен құдық қазғандай мазасыз тірлікпен ұзақ жылдардан бері табанды шұғылданып келе жатқан жергілікті өлкетанушы, кәсіби маман Сайлау Балташұлының есімі бүгінде ауыл-аймаққа кеңінен танымал.

Тарих – уақыт тамыршысы, өткен мен кеткеннің куәсі. Барды бағалап, жоқты іздейтін, түгендейтін қымбат құжат. Туған өлкенің, жергілікті халықтың басынан өткен өмірдің әрбір кезеңіне, әрбір сәтіне байыпты барлау жасап, лайықты баға бере білу аса ыждаһаттылықты, жауапкершілікті талап етеді. С.Балташұлы

осындай сенім биігінен көріне білді. Туган жердің тарихын тынбай зерттеп, талай-талай толымды еңбектердің дүниеге келуіне мұрындық болды. Аймақ өлкетанушылары арасынан өз орнын алды. Бүгінде Жаңаарқа, Қарағаш жеріне қатысты дерек, дәйек керек болса, алдымен Сайлау ағаға жүгінеді.

Сайлау Балташұлы – табиғатынан өршіл, табанды, намысты, арлы адам. Адал жүріп, таза жүрген талабының арқасында қарапайым мұғалімдіктен ел мен жер тарихының тамырынысы, өлкетанушы деңгейіне көтерілген аптал азамат. Оның өрбір ісінен, әр әңгімесінен терең білімділікпен қатар, адамгершілікті, тазалықты, шынайылықты, турасын айтатын әділдікті айқын тануға болады.

Тарих, шежіре тақырыбындағы еңбектері өз алдына бір төбе, енді міне ақын ретінде танылып отыр. Екі шумақ өлеңнің басын құрастырмайтын қазақ жоқ. Дегенмен, автордың өзі де айтып кеткендей, бұл өлең шумақтарын ақын жыры деп емес, ақсақал жасына жеткен көзі ашық, көкірегі ояу жанның кейінгі ұрпаққа айтқан ақылы, өмірден түйген тәлімдері деп қабылдаған жөн. Әрбір өлең жолынан ізгіліктің, жақсылықтың лебі еседі. Өскелең ұрпақтың болашағына деген талап-тілегі байқалады.

Мектеп бітіргендеріне 50 жыл толуы құрметіне шығарылып отырған жинақ оқырманын табады, көпшілік қауым жылы қабылдайды деп сенеміз.

50 ЖЫЛДЫҚ ТҮЛЕКТЕРДЕН АРНАУ **1968 – менің жылы, 2018 – ит жылы**

Өмір дастан, том-томымен тараулардан құралған,
Мандайдағы жазған тағдыр, кезек күтіп тұр алдан.
Сәбилік кез ес жиғанша зулан өтер зымырап,
Ең тәтті шақ, әлдилеген сәби болып жаралған.

Назар салын есейерсің, бұл кезеңнен өтерсің,
Мектеп жасы – білім орда шаңырағына жетерсің.
Бір өзіндей бүлдіршіндер бір-біріне жаудырап,
Сыныптас боп, үйренісіп, бауырласып кетерсің.

Ұмытылмайды ең алғашқы дәріс берген ұстазың,
Инеменен құдық қазын, бірге өткізген қыс жазын.
Қиналғанда жабырқанып жалғыз қалған сәттерде,
Сая көріп айтылар тек ұстазына сыр – назың.

Ұмытылмайды бірге оқыған сыныптасың достарың,
Қиындықта сүйеу болар жұбанышың ол – барың.
Қуанышты жеткізетін, бірге қызық өткізетін өмірде,
Бірге бөлін көтеретін достарын ғой жүк нарың.

10 жыл өтті қызықты шақ бейне аққан сағымдай,
Таң қаларлық уақыт-ау, жылжыды қас қағымдай.
Мектеппенен, ұстазбен де қимастықпен қоштастық,
Дегенін істен, өтті уақыт сіз бен бізге бағынбай.

Ата-анадан ұстаздардан мешін жылғы түлектерге,
Жүрек жарды, айтылды-ау небір ақ тілектерде.
Орындауды нарыз тұтып, уәде берді шәкірттері,
Есте сол күн ұмытылмас, мәңгі бақи жүректерде!

Сырғи – сырғи содан бері жарты ғасыр өтіпті,
Орындалды армандары әр қайсына алла берді несіпті.
17 ұл 10 қыз едік, өттең бірақ селдіреп-ақ, қалыппыз,
Тоғызы оның, бұл фәниден бақиға аттап кетінті.

Ұстаздардың көбі кетіп, артында қалды бірақ көздері,
Мәкіш ұстаз, Сара ұстаз, Бақыт ұстаз
есте ұлы сөздері.
50 жылда ел жаңа, бүгін міне – отағасы,
ел ағасы түлектер,
Аумай қалған ұстаздардан іс-әрекет ұлағатты кездері.

Түлектердің сый-құрметін ізетпен қабыл алыңыз,
Сексен асып, қадам басып өрнегін – Жүзге салыңыз!
Ұрпақтарға тағылым болсын біздерден бір ескерткіш,
Мәңгі жасайық ұстазымыз, шәкіртіміз барымыз!

Тарыдай ек ата-әже болдық, енді міне, көріміз,
Ал, ұстаздар өмірдегі – барымыз да, нарымыз.
Олай болса бақи болған түлектерді, ұстаздарды,
Еске алайық бір минутқа иман тілеп бәріміз.



*Су түбінде асыл тас, көл толқыса шығады,
Ой түбінде асыл сөз, шер толқыса шығады.
(Халық даналығынан)*

МЕН АҚЫН ЕМЕСПІН

Мен ақын емеспін,
Өмірді оқыдым, Төңірді оқыдым.
Көргенді, тарихтан білгенді,
Тырнақтап ілгенді – көңілге тоқыдым.
Мен ақын емеспін,
Абайды, Мағжанды,
Өрнектеп жазғанды оқыдым.
Бабадан-Данадан жеткен мұраны,
Біртіндеп көңілге тоқыдым.

Тегін іздеп көне түрік – Қазақтың,
Қойнауына тарихтардың сүнгідім.
Құрдастарым қызыға да, қылжақ қып,
Археолог - философ деп жүр бүгін.

Өмір еурдік Совет заман аясында,
Көлеңкелі компартия саясында.
Соқты жүрек – Ленин деді Ұлы дана,
Пайғамбармен теңестіріп қоясында.

Енді бүгін заман түлеп өзгерген,
Азайды ғой советінді коз корген.
Кеңес құлап рухани сана жаңғырды,
Елімізді сақтасын тіл-коздерден.

Мың өліп, мың тірілген қазақты,
Пырағы жебеп, қасиетті қанатты.
Кеңестің бұзып тас құрсауын,
Жарқырады төуелсіздік тады атты!

Жылдар күтіп еркіндікті аңсаған,
Босады тордан қасиетті қыран құс.
Тәңірім жебеп, мәңгілікке жасаған,
Танысын әлем, аспаныңа самғай тус!

Жас ұрнақтың отаны Қазақ елі,
Байлығы қойнауында жетер кені.
Қайта құру жастарды шақырады,
Жүрегі Отаным ден соққан сені.

Ұлы Дала елінде, Көне түрік жерінде,
Бой көтерді Астана Қазақстан төрінде.
Сұңғыла өй мен қуш-жігері қосылып,
Мандайынан Елбасы, төкті аямай терін де.

Міне бүгін Астанам, әсем әрі жас қалам,
Ғимараттар сәулетті, көз тартады қаптаған.
Болашақтың символы жарқырайды Бәйтерек,
Мәңгілік Ел – бойында, бойтұмары сақтаған.

Бәйтерек – мазмұны кең, тамыры тым тереңде,
Үңілемін бабалардың түн атасын көрем де.
Қазақ жері – Өр түріктің алтын бесік Отаны,
Түркістанның аты бізде, соған бірақ сенем де.

*Батаменен ер көгерер,
жаңбырменен жер көгерер!
(Халық даналығынан)*

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА БАТА

Уа құдайым оңдасын,
Аруақтар жебеп қолдасын,
Бага-бата баудай бол,
Асқар Ала таудай бол.
Жүп аққулар қалқыған
Қозы-Баян секілді,
Сүйіспеншілік кенілі,
қаңқылдаған қаздары,
Әсем әуен сазды әні,
Шағалалы көлдей бол.
Айналайын, Ақмарал,
Қосағынмен қоса ағар,
Жемісті болсын бау-бағың,
Өрісті болсын малдарың,
Өсіп өнсін балаларың,
Адал еңбек қайнаған,
Нұрға толсын айналаң,
Жырға толсын сай-салаң,
Қойнауы толған ырысқа,
Жер Ұйығы жердей бол!
Ақ Бата болсын алғаның,
Орындалсын арманың,
Оттастарың Ордалы,
Періште болсын қорғаның,
Қой үстінде боз торғай
Жұмыртқалаған ЕЛДЕЙ БОЛ.

Уа жасаған ием күдірет,
Батамызды берген қабыл ет.
Әумин!

Ия, құдайым, оңдасын,
Жәрдем беріп тілегімізді қолдасын.
Бала-шаға, отбасымды:
Өсек аяң сөзден сақта,
Сұқтанған тіл-көзден сақта!
Сайтанның азғыруынан сақта,
Жазықсыз жазғыруынан сақта.
Тажалдың көрінен сақта,
Шаянның зәрінен сақта.
Аяқ астынан келетін,
Пәле-жаланың бөрінен сақта.
Жасаған ием күдірет,
Батамызды берген қабыл ет.
Әумин!

*Тату-тәтті үйдің әрбір күні де сәтті,
тамағы да тәтті!*

Жұбайлардың аспаны айдай ашылсын,
Күннің нұры шашу болып шашылсын.
Ай мен күндей жас жұбайлар жарасқан
Ата-ананың мәртебесін көкке асырсын!

Қарсы алса әрбір таңды күлімдеп,
Қуанышым бақыт сыйлар күнім деп.

Тек жақсылық тілесе жас жұбайлар,
Сонда ұғар махаббаттың сырын тек.

Дастарханы асқа толы дәмді болсын,
Өмірлері ғибрат алар мәнді болсын!
Көңілдері әр қашанда көлдей шалқып,
Шаңырақ той-думанды сәнді болсын.

Бесігінен әлдилеген сәби кетпесін,
Төрінен дуалы ауыз қари кетпесін.
Сәбилері есейіп бір-бір шаңырақта,
Жамандық өсте оған жетпесін.

Жақсыдан жадыға алған асыл сөз,
Асықпа түспеді деп қолыма тез.
Дамылсыз іздеуменен ерінбесең,
Есіңе түсер бірде болады кез.



ДЕЙДІ ЕКЕН...

«Оқу керек , оқығанды көңілге тоқу керек».

Ақылсыз тірлік жақсылыққа анармас,
Жақсылықсыз сауап та еш жата алмас.

Арақ әуелі ақылды, соңынан сауапты жейді,
Адамның көсегесі көгерер сауаппен дейді.

«Басыма іс түсті ден» еңсең езілмесін –
өміріңді қайғы жейді.
Қайғыны жұтар жоғалтып,
көңіліңді сергек ұста жұбаныш- дейді.

Садақа бойындағы бөленді жейді,
444 сүйектің әр біріне садақа жасау
мәнерлі дейді.

Орынсыз өтірік айтпа, өтірік несібенді жейді,
Абыройды төгіп, сыбаған бұйырмай
өзіңе кетеді дейді.

Уайым-қайғысыз ішкен қара суың
бойыңа сіңін ас болар.
Уайым-қайғымен ішсең,
көмейінде тұрып қалған тас болар.

Уайым-қайғы болғанда,
Құдай басқа салғанда,
Ұйқың қашар мазалап,
Борышқа батып қалғанда,
Ауру қысып талғанда.
Әйел мен балаң қосылып,
Жау-жағадан алғанда.
Бәрінен де сол жаман,
Қыршынынан қиылған,
Қайғылы қаза – жалғанда.

Мал-дүпиеге қызықпа, ұйқың кетер,
Мейірімсіз қылып өзінді өуре етер.
Дүние-боққа ненденің көзі тоймас,
Бір уыс топырақ қой түпке жетер.

Өмірде аса қажет ғылым болмақ,
Ғылымсыз өмірің сенің көктей солмақ.
Ілімің ғой артыңда қалатұғын,
Онсыз саған қалайша байлық қонбақ?

Әр жұмыең ойлап түпкі нәтижесін күтерсің,
Сабырменен есептей біл, жұмысыңды бітерсің.
Қабырғаңмен, отбасыңмен кеңесе біл,
дағдылан,
Құрметтеумен, сыйласумен мұратыңа жетерсің.
Көңілің бірақ қаламаса жұмыстан аулақ
кетерсің.

Пенделер бір-бірін күидеп кейде тілдейді,
Көеген көгерсін деп айтуды бірақ білмейді.
Адам өмірі көк шөн сияқты жайқалып,
Даланың гүлі сияқты бөйшешек атып гүлдейді.

Әке тәрбиесі басқа кигізген тәждей жарасымды,
Ана тәлімі, мойындағы моншақ қой –
бар асылды.

Қызыққа тойсаң көңілің көлдей болар,
Шыжыққа тойсаң өмірің көктей солар.

Шыжыққа шыдамдылық керек, шыңдаласың,
Шыдамасаң өлесің, не ауысын жынданасың.

Арамнан жиған мал есіртер, секіртер, кекіртер,
Қарғысы бірақ бейбақтардың көріңде сені
өкіртер!

Мандайдағы жазылғанға еш ем қонбас,
Тырысқанмен төрт құбылаң тең болмас.



*Алдыңғы толқын агалар, бірте-бірте жәгалар,
Кейінгі толқын інілер, баяғыдай көрінер.*

(Халық даналығынан)

КӘРІЛІК ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Көрі көңілің бала мінез болады ғой,
Әр нәрсеге тез өкнелен қалады ғой.
Кезіндегі тау қопарар күшің болмас,
Қуатың кетіп қайратыңды алады ғой.

Қартайғанда бойдағы сезімді алар,
Жарық сәуле жанарың көзіңді алар,
Ұмыттырып ауыздағы сөзіңді алар,
Бірте-бірте отыз екі тісіңді алар,

Естімей керең болып құлақ қалар.
Қалталақтап баса алмай аяқ талар,
Буын ауырып, сырқырап салмақ салар,
Байқасаң, бір өзіңе ажалың таяи қалар.

Адамдар бір-біріне қонақ екен,
Өмірің зулап өтер шолақ екен.
Бүгін жас, кезекте – шал дайын тұрар,
Қартаю біріне кеш, біріне ерте қонады екен.

Қартая біл байыпты, сыпайы бол,
Өмірден жинақтарсың ақылды мол.
Халқыңа сыйлы болсаң қадірлісің,
Әдемі қартаю деген мінеки сол.

*Көпті көрген қария – көңілі болар зерек,
Ол – дария сұңғыла, ақылдың кені дер ек.*

Елуде ел ағасы, басқарушы боласың ғой,
Қарның шығып, сұлуланын толасың ғой.
Сенім артар халқың бар үміт күтер,
Күш-жігерінді тәуекел деп саласың ғой.

Алпыста сенен жастар ақыл сұрар,
Кезек күтіп өзіңе қарап тұрар.
Төрелігің ұнамай қарау болсаң,
Бір өзінді төбеңнен құдай ұрар.

Жетпіс деген шырқау шың ғой көктеген,
Ол шыңдарға жеткен де бар, жетпеген.
Жетсең толы інжу-маржан қазына,
Данышпандық берері мол тағылымы көптеген.

Сексен жас – шырқау шынның сеңгірі,
Ақыл ойдың жиынтық-қазынасы ең ірі.
Кемеңгерін мақтаныш қып, құрметтер ел,
Әулеттің абызы ғой сыйынары, ол – пірі.

Тоқсанда ақыл ойың солады екен,
Көңілің бала мінез болады екен.
Жалған дүние көзіңе оттай ыстық,
Дүние-боқ керексіз боп қалады екен.

Біртінден жарық сөуле сөнеді екен,
Пенделер бәріне де көнеді екен.
Алланың өзіне берген жасын алып,
Бұл фәнимен қоштасып өледі екен.

*Қара бастың қамын ойлаған –
халықтан қарғысын алар,
Халықтың қамын ойлаған –
ақ бата мен алғысын алар.*

КӨҢІЛ ҚАЛАР

Көңіл қалар жалындаған жастар емес,
Бықсып жанған шаладан.
Шап-шап етіп беттен алған баладан.
Көңіл қалар сөуегейлі қарттар емес,
Қырттар таңған жаладан.
Шімірікпей снгілеген,
Ұятсыз жүзқарадан...

Көңілің қалар сөзден тайса өкімің,
Жалт еткізіп өзгертсе егер мөтінін.
Ауру қалса қалмайды оиың өдеті,
Тастамайды көлгірситін тәсілін.

*Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.
Сенбесең мұражайды көр дейді.*

Мұражай Ата-баба тарих көзі,
Жиһақталған қазына дана сөзі.
Шежіре сөйлей берер жан бітксндей,
Жансыз бейне жарқырап тұрар өзі.

ӨЛКЕТАНУШЫ

Ол – Отанын жанындай жақсы сүйетін,
Суығына тоңып, ыстығына күйетін.
Түбінен теңіз, інжу-маржан жинаушы,
Ол – асылын төріне мұражайдың үйетін.

Ол – туған жердің қадір, қасиетін білетін,
Жас ұрпаққа насихаттап үзбей жүретін.
Көне сөз атау, жер-суға сіңген мұраның,
Түйінін шешсем деп ол – құлақ түретін.

18 мың ғаламның иесі Алла ғой тек ойлаңдар,
Танытушы бір Алланы Адам Ата пайғамбар.
Қызғанышпен пенделердің жолын кескен Ібіліс,
Адасты да, көіір болды тура жолдан тайғандар.

Соңғы біздің Мұхаммед ғалайсалам пайғамбар,
Тарихтарға үңіліп, ғылымға терең бойлаңдар.
Тәубаға келіп пенделер, үмметі болды мінекей,
Таза жол Мұсылмандықтан мәңгі таймаңдар.

Алла тағала адамды,
Топырақтан жаратқан,
Адам Ата-Хауа ана,
Ұрпақтарын таратқан.
Адам боп келдің өмірге,
Адам боп қайт тәңірге.
Пендесің ғой жұмыр жерді саяла,
Жер ананы, Ана деп сен аяла.

*Ойлан балам, ойла,
заманның ағымынан қалып қойма!*

Болсын әркез бес қаруың бойда,
Ғылымды меңгер тереңрек ойла.
Өз тілңді, дініңді сен құрметте,
Үш қаруың жүрсін мәңгі ойда.

Бір қаруың – шет тілдерін меңгерген,
Заманауи қарулардан кем көрмен.
Ағылшын тіл құнды болып тұр бүгін,
Тығырықтан шығаратын кез келген.

Бір қаруың – ұлттық сезім, нұр болар,
Жүрегіңе сүйіспеншілік жыр толар.
Бойыңдағы ең қуатты осы құралың,
Отанын сүйген нағыз ерге бақ қонар.

Заманың түлкі болса – тазы боп шал,
Қорқау болса тамақта – сырттан боп шал,
Қаракұс болса – іліп түсер қыран боп шал.
Ол сұңқар болса – сен сұңғыла бұлбұл бол,
Ол тұлпар болса – шаң жуытпас дүлдүл бол.
Жүрсең де дүлдүлдерден сәл-пәл жырақ,
Заманның ағымынан ешқашан қалма бірақ.

Күш қуатың, ақылың барда бойыңда,
Жаман ппғыл дұшнандарды сойылда.
Көмектесіп көріпке, адалдықты дәріпте,
Жақсылық жүрсін әр қашанда ойыңда.

Жаспын деп еш жасыма,
Қайсарлық сенің қасыңда.
Тығырықтан жол табар,
Алғырлық еенің басыңда.

ҚҰТТЫҚТАУ

*Қызым Жұлдызға,
Жиен немерем Назеркеге*

Құтты болсын, Назикош,
Назарбаев мектебің,
Бәйгеден озып тағы да
мектепке түсіп кеткенің.
Ақылды бол есейіп,
қуанта бер мамаңды,
Сонда ғана бақытты боп,
мұратыңа жеткенің.

Айналайын, Жұлдызым,
Бәйгеден келіп Назеркең,
Жарқырады жұлдызың.
Жана берсін еңбегің,
Тіл үйірсін дәм-тұзың.



ӨМІРБАЯН ЖОЛДАРЫ

Балташұлы Сайлау – 1951 жылы Жаңаарқа ауданында туған. Ұстаз, өлкетанушы. Қарқаралы зооветеринарлық техникумын (1971) және ҚарМУ-дің тарих факультетін (1989) бітірген. 1979 ж. дейін Жаңаарқа ауданы Қарағаш ауылында мал дәрігері, 1979-81 жж. орманшы болып жұмыс істеген. 1981 жылдан бастап Ынталы орта мектебінде мұғалім болып еңбек етіп, осы білім ордасынан зейнет демалысына шықты. Ұзақ жылдардан бері туған жердің тарихына қатысты материалдарды жинақтау, жүйелеу, жариялау ісімен тұрақты шұғылданып келеді. «Қасиетті мекен Қарағаш» кітабының қосалқы авторы (2009, *І.Ісләмұлы, Ж.Қызбалаұлымен бірге*).

Білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен (11 желтоқсан 2013 ж., Министр А. Сәрінжіпов), «Нұр Отан» партиясының 10 жылдығына орай, белсенді азаматтық ұстанымы үшін, елдің қоғамдық-саяси өміріне және Қазақстан Республикасының Президенті, партия Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың стратегиялық бағытын жүзеге асыру ісіне атсалысқаны үшін Құрмет грамотасымен, Тәуелсіз Қазақстанның рухани дамуы жолында қол жеткізген табыстары және білім қызметкерлерінің әлеуметтік-

экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы мүлтіксіз белсенді еңбегі үшін Құрмет грамотасымен марапатталған.

Өмірлік жары – Дүйеенова Бақыт 1958 жылы Шет ауданы Алаайғыр кенішінде туған. 1979 ж. Балқаш педагогикалық училищесін қызыл дипломмен бітірген соң жолдамамен Жаңаарқа ауданы «Рассвет» совхозына келіп, балалар бақшасына тәрбиеші болып орналасты. 1986 ж. Ыталы орта мектебіне бастауыш сынын мұғалімі болды. 1986-2017 жж. аралығында осы мектепте 31 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты.

Ерлі-зайыптылардың берекелі отбасында бее бала өсін тәрбиеленген. Үйдің үлкені Ғалымбек – Қарағанды мемлекеттік медициналық университетін бітірген (2004), теория мен тәжірибені шебер ұштастырған білікті дәрігер. Қазірде Қарағанды қалалық №1 ауруханасында бөлім меңгерушісі. Одан кейінгі Гүлімай, Жұлдыз – жоғары білімді мамандар, өз салалары бөйынша жемісті еңбек етуде. Асылбек – туған ауылындағы мектепте мұғалім, өке жолын қуып, тарих саласында ізденін жүр. Ауыл мектебіндегі тарихи-өлкетану мұражайының меңгерушісі. Үйдің кенжесі Дидар Қарағанды мемлекеттік университетінің бакалавриатын (2013), Қарағанды мемлекеттік медициналық университетінің магистратурасын (2016) бітірген. Қазірде «Фитохимия» халықаралық ғылыми өндірістік холдингінде ғылыми қызметкер.

Бақытты ата-ана осы балалардан бірнеше немере-жиендер сүйіп отыр.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғысөз орнына</i>	3
50 жылдық түлектерден арнау	5
Мен ақын емесін	7
Жас жұбайларға бата	9
Дейді екен... ..	12
Кәрілік туралы ойлар	15
Көңіл қалар	17
Өлкетанушы	18
Құттықтау	20
<i>Өмірбаян жолдары</i>	21

Сайлау Балташұлы

ОЙ ТҮБІНЕН ШЫҚҚАН СӨЗ

Өлеңдер жинағы

Редакторы Ж. Оспанов

Техникалық редакторы С. Сүлейменов

Корректоры Ф. Алпысбаева

Теруге 10.05.2018 ж. жіберілді.

Басуға 10.06.2018 ж. қол қойылды.

Пішімі А5. Көлемі 8,6 б.т.

Офсеттік қағаз. ШЫҒЫҢҚЫ басылыс.

Таралымы 100 дана.